

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Нарративті эмпатия





Мақсаты: эмпатия-альтруизм гипотезасымен және оның баяндау эмпатиясына қатысымен, Сюзанна Киннің нарративті эмпатия теориясымен және баяндаудың эмпатиялық тәсілдерімен танысу.

Тірек сөздер: эмпатия, альтруизм, нейроғылым, мәтін, нарратив.

Бүгін біз Сюзанна Киннің «Нарративті эмпатия» атты еңбегі туралы сөз етеміз. Еңбек адамның миындағы танымдық процестер мен аффектілердің қиылысуы бойынша жүргізілген зерттеулердің бір бөлігі болып табылады.

Біздің басқа адамдардың ауруы туралы білетініміз сәйкестендіру сезімі мен эмоцияны алмастыратыны Аристотель заманынан белгілі. Алайда қазіргі заманғы нейроғылым жоғарыдағы үдерістің қалай жүзеге асатыны туралы түсінігімізді тереңдете түседі. Ми қабығындағы айналық нейрондар бізге өзгенің қайғысын өзіміздікіндей етіп түсінуге мүмкіндік береді. Сюзанна Кин нейроғылымның жетістіктерін көркем әдебиетті зерттеуде пайдаланады. Романды оқу, өзгенің әлеміне үңілу адамның ойлау қабілеттерін күшейтеді. Көркем әдебиетті оқу оқырмандардың эмпатияға деген қабілетін күшейтеді, С. Кин романистер қалыпты адамдарға қарағанда мейірімділік танытуға әлдеқайда бейімді келеді.

Сюзанна Киннің зерттеулеріне екі дәріс арнаймыз. Дәрістерде үш міндетті қараймыз. Кин бұл міндеттерді нарративті эмпатия тәжірибесіне қатысты алып қарайды. Бірінші дәрісте әңгімеге арқау болатын тақырып – эмпатия мен оған психологтардың берген түсіндірмелері, сондай-ақ Сюзанна Киннің нарративті эмпатия теориясы туралы қысқаша сипаттамасы. Екінші лекцияда баяндаушы эмпатия қалай жұмыс жасайтыны, нақты баяндау тәсілдерінің оқырмандарға ықпалы туралы зерттеулер сөз етіледі.

Мәселені қоя білу

Біз қалыпты адамдардың ми қабатындағы айналық нейрондардың белсендену үдерісін көзге елестете алатын дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі заманғы нейроғылым бізді ақыл-ой үшін нейронды негіздерді түсінуге және эмоцияларымызды басқалармен бөлісу қабілетін қалыптастыруға жақындата түсті. Айналық нейрондардың белсенділігін арнаулы техника немесе ішкі визуализация тренерлерінің көмегімен көрсету дегеніміз – теледидарда, кино, бейнелеу өнерінің сәйкес формалары арқылы жүзеге асады. Жоқ адамның іс-әрекеттерінің сипатын тыңдау адам миының визуализациясы – МРТ кезінде айналық нейрондарының аясын көрсетеді. Романдарды оқу айналық нейрондарды белсендендіріп, кейіннен нейрофизиологиялық зерттеулерге негіз болды. Нейробиологтар эмпатия бойынша тесттен жоғары нәтижелер көрсеткен адамдардың миында айналық нейрондар жүйесі жүктеле түсетінін айтады. Жазушылардың эмпатия деңгейі өте жоғары болып келеді. Адамның айналық нейрондарының белсенділігіндегі өзгерістер өнер, оқыту және әдебиеттің ықпалына байланысты жүзеге асып отыратыны алғашқы рет қарастырыла бастады.

Эмпатияны зерттеудің бұл жаңа қабілеті адамның эмпатиясының оң нәтижелері туралы түсінікті ынталандырды. Мұндай ынталандырулар – XVIII ғасырдың адамгершілік сентиментализм өкілдерінің пайымдауынша, жаңа емес. Бірақ олар этика бойынша мамандар, саяси философтар, педагогтар, теологтар, кітапханашылар мен басқа да мүдделі тараптардың, айталық авторлар мен баспагерлердің іс-әрекеттерін қолдайды. Қазіргі таңда нейронды субстратта орналасқан эмпатияның шектеулі нұсқасы кең таралған, алайда әлсіз сипатталған.

Әдеби шығармаларды оқуға деген сұраныстың күрт төмендеуі – уайымдайтын мәселе: оқырмандар санының төмендеуі басқалардың қайғысына жаны аши алмайтын адамдар санын көбейтті. Соған қарамастан, романды оқу, баяндау эмпатиясы мен альтруизм арасындағы байланыс әлі күнге дейін дәлелденбеген.



Эмпатия дегеніміз не?

Эмпатия – аффектінің жанама және кенеттен бөлінуі, ол басқа адамның эмоционалды күйінен туындайды. Эмпатия – симпатияның алдында өрбитін сезім. Тұлғалық қорқыныш, теріс эмоционалды реңктің эмпатиядан айырмашылығы – аяушылықты тудыруында емес, керісінше жеккөрушілікке түрткі болуында. Эмпатия мен тұлғалық қорқыныш арасындағы айырмашылықтың өзіндік мәні болады. Себебі эмпатия симпатия секілді рухани эмоциямен, демек просоциалды немесе альтруистік әрекетпен байланысты.

Симпатияға алып келетін эмпатия тұлғалық қорқынышпен байланысты. Ешбір философ тұлғалық қорқынышты эмпатияның құрамында қарамайды. Романды оқуды тоқтатуға немесе кітапқа деген жағымсыз эмоционалды реакция кесірінен үзуге болады. Алайда әдеби теорияда тұлғалық қорқыныштың эмпатиямен байланысы болмайды.

Эмпатия – өзгелердің эмоциясы деп білеміз. Сондықтан эмпатияны эмоционалды және когнитивті деп бөлуге болады. Эмпатия симпатиядан психологиясы, философиясы жағынан ерекшеленеді: симпатияда басқаларға деген сезім қалыптасады. Эмпатияны симпатиядан төменде берілген белгілеріне қарай айыруға болады:

- Эмпатия ойды білдіреді: Мен сенің сезінгеніңді, сезінемін. Мен сенің қайғыңды жақсы сезініп тұрмын.
- Симпатия ойды білдіреді: Мен сенің сезімдеріңді қолдаймын. Саған ауыр тигеніне менің жаным ашып тұр.

Бұл мысалдар негативті эмоцияларды білдіріп тұр: жаны ашу және ауыру. Алайда айта кететін жайт – эмпатияның психологиялық және философиялық зерттеулері эмпатияның оң сезімдер (бақыт, қанағат, таңғалу т.б.) негізінде туындауы мүмкін екенін көрсетті. Эмпатияның барлық оң түрлері оқырмандардың қуанышы мен рақат сезімін тудырады.

Эмоционалды жұғу, өзгелерге өздерінің көңіл күйлерін телу бойынша сарапшылар эмоционалды күйдің үлкен спектрін зерттеп, оларды автоматты мимика арқылы ажыратқан. Эмоционалды жұғу немесе бет әлпеттің кейбір ерекшеліктері, вокализация мен қозғалысы т.б. эмпатияның адам баласы дүниеге келген сәттен бастап, оның физикалық және әлеуметтік жағдайына қарай туындайтынын дәлелдеді. Туа біткен ерекшеліктер – эмоционалды жұғуды бастан кешіруде маңызды рөл ойнайды. Алайда біздің жеке тұлғалық тарихымыз бен мәдени контекстеріміз автоматты сезімдерімізге ықпалын етіп отырады.

Эмоционалды жұғу – біздің баяндауға реакциямыздан көрінеді. Себебі біз оқып отырған сюжетті бастан кешіріп отыратын жаратылыстар болып саналамыз. Ауызша әңгімелеуші кейіпкерлердің дауысы мен бет әлпетін келтіре отырып, өзінің сезімдерімен қоғам мүшелерімен бөлісіп отырады. Проза мен кинодағы әңгімелеу немесе баяндау біздің сезімдерімізді басқарып отырады деуге болады.

Эмпатия сөзі – неміс тіліндегі «Einführung» (жаны ашу) сөзінен XX ғасырдың басында қалыптасты. 1909 жылдан бастап эксперименттік психолог Э.Б. Титченер эмпатия сөзін эстетик Теодор Липпстің «Einführung» (өнерге немесе басқа адамның өн бойына ену үдерісі) деген терминінен аударып, қолданған. Титченер «Бастапқы психология» атты еңбегінде (1915) эмпатияны оқу тәжірибесі арқылы сипаттайды: «Адам баласының бойында қабылдау немесе қиялдау сезімдері о бастан қалыптасқан. Орман туралы оқығанда, оның арасында жүргендей сезінеміз: орманның қараңғылығын, тыныштығын, дымқылдығын, қорқынышын тұла бойымызбен сезінеміз».

XX ғасырдың басында ағылшын жазушысы Вернон Ли «Einführung» және «жаны ашу» терминдерін әдеби аудиторияға ендіріп, Танымал журналда жарияланған лекциясында В. Ли эмпатияның қатысуымен эстетикалық қабылдау теориясын ұсынады. Алғашында В. Ли өнер мен архитектура туындыдарын қабылдаған адамдарда байқалатын тәндік және бұлшықеттік сезімдерге назар аударды. Кейіннен ол осы идеясын кітап формасында кеңейтті. Өнердің мақсаты – белгілі бір эмоционалды күйді тудыру, күшейту немесе қолдау болып саналатынын айта келе, В. Ли эмпатияны біздің бірлескен реакциямыздың ерекшелігі деп қарайды. Ли эм-



патия қиялдау, симпатияның құрамына кіретінін айтады. Эмпатия термині ағылшын тілді аудитория үшін эстетикалық теорияға енгеннен кейін, оған модернистік топтар тарапынан қарсылық байқалды (С. Киннің айтуынша). Бертольд Брехт эмпатияға жеккөрушілікпен қарады. Жаңа сыншылар, модернистік ақындардың аффектілі қателерден бойын аулақ ұстауға талпынысы күні кешеге дейін әдебиет теориясындағы эмпатияның интерграциясына кедергі жасап келді. Романистер мен романдардың оқырмандары баяндау эмпатиясын әртүрлі сипаттап келді.

Эмпатия нені оқытады?

Феминистік сында, танымдық тәсілдерде көрініс берген біздің тәжірибеміз әдеби зерттеулерді эмпирикалық мәліметтерді интерпретациялайтын пәндерге жақындата түсті.

Сюзанна Кин нейробиологтар мен психологтардың эмпатияны зерттеу үшін қолданылатын кейбір тәсілдерге сипаттама береді. Әдебиет пен психология арасындағы пікірталастың дамуы екі пәнге де пайда әкелуі тиіс. Психологтар эмпатияны әртүрлі тәсілдермен тексеріп, сипаттайды. Өзіндік есеп берумен байланысты физиологиялық өлшемдер эмпатиялық жауаптардың күшін немесе әлсіз тұстарын көрсете алады. Психологтар жүрек қағысы мен терінің өткізгіштігін өлшейді. Олар сауалнамаға қатысушылардан белгілі жағдайда олар өздерін қалай ұстайтынын немесе не сезінетінін білу үшін сауалнамалар жүргізіп, оның нәтижелері туралы өзіндік есеп дайындайды. Эмпатиялық сезімдерді бағалау үшін «эмпатия шкалалары» қолданылады. Функционалды магнитті-резонанстық томография (МРТ) ми туралы ғылымның дамуына, әсіресе эмпатияның дамуына айтарлықтай терең ықпал етті. Алғашқы рет мидың бейнесі сипатталды.

Эмпатия адамның тәні мен миында қалай жұмыс жасайтыны туралы мәселені оның физиологиялық негізі туралы теориялық тұжырымдар арқылы шешуге болады. Эмпатия нәтижесі адамдардың бір-біріне ұқсас келетінін дәлелдеді. Мәселен, психолог Мартин Хоффман адамдардың физиологиялық және когнитивті жауап беруіндегі құрылымдық ұқсастық олардың бойында бірыңғай ұқсас сезімдерді тудыратынын айтады. Алайда Хоффман бірінші болып, олардың эмпатиялық жауаптарын дәлелдеу үшін ұқсастықтың болуы жеткіліксіз екенін көрсетеді. Таян Зингер біздің өмір сүруіміз әлеуметтік контекстердегі тиімді қызмет етуімізге байланысты екенін жазады. Басқаша айтқанда, эмпатия ойлау теориясына қатысады. Соңғы зерттеулер эмоционалды күйді беретін дене қозғалысы мен мимика, жүріс-тұрыстары туралы түсініктерді қалыптастыратын нейрондар механизміне қатысты болып келді. Қазіргі заманғы нейроғылым басқалардың сезімдерін түсінуді мақсат етеді.

Сюзанна Киннің зерттеулері баяндау эмпатиясы мен альтруизм арасындағы байланыс неліктен соншалықты әлсін екенін анықтауға бағытталған. Көркем әдебиеттің табиғаты адамдар мен кейіпкерлер арасындағы әлеуметтік байланысты құра алады. Бесланда тұтқынға түскен кішкентай балалар Гарри Поттердің келіп, көмек бергенін армандады. Алайда ересектер қиялдан туған кейіпкерлердің бізге көмек бере алмайтынын жақсы түсінеді. Сол сияқты романды оқып отырған оқырмандар оның кейіпкерлеріне ешқандай көмек бере алмайды: «Оған тұрмысқа шықпа, Доротея!» – деп қанша айғай салсақ та, романның ішіне ене алмасымыз анық. Біз кейіпкерлерге қызығушылықпен қарай аламыз, бірақ олардың іс-әрекеттеріне ықпал ете алмаймыз.

Эмоцияны емдеу және рационалдылық мәселесі соңғы онжылдықта күмәнға түсе бастады. Антонио Р. Дамасон үшін ойлау мен сезімдер – бір бүтіннің бөлшектері саналады. Академиялық мақалалар мен көпшілікке танымал кейбір кітаптарында ғалым эмоционалдылық ауытқушылыққа ұшыраған клиникалық сырқаттар когнитивті қиындыққа тап болатыны жазылған. Рональд де Суса рационалды эмоцияны қолдайды, ал Джозеф Ледудің когнитивті нейроғылымы «Эмоционалды мида» көрініс тапқан. Эволюциялық психологтар Л. Космидес пен Д. Тоби «танымға әсер ететін эмоциялар туралы айтудың өзі дұрыс емес. Себебі «таным» тілде мидың операцияларын сипаттау үшін қызмет етеді», – деп жазады.

Әдеби зерттеулердің когнитивті тәсілдері аясында Леду мен Дамасонның жұмыстары жоғары бағаланады. Олар аффект – когнитивтіліктен жоғары тұрған ұғым деп есептейді. Әдеби когнитивистердің көпшілігі психолог танымдағы эмоцияның рөлімен келіспейтінін айтады.



Психологиядағы субпәндік шегаралар әртүрлі көзқарастар мен акценттерге алып келеді. Эмпатияны зерттеу басынан бастап-ақ эмоция мен таным арасын ажыратып алу керектігін көрсетті.

Сюзанна Кин эмоция мен таным – жүйке жүйесінің әртүрлі үдерістері деп есептейді. Себебі эмпатияға сезім ғана емес, ойлау да кіреді. Жады, тәжірибе мен өзгенің пікірін қабылдау қабілеті эмпатияда өзіндік рөл атқарады. Алайда эмпатиядағы тәжірибеге эмоция, сол сияқты дене түйсіктері кіреді. Оқу салдарынан туындаған баяндау эмпатиясы когнитивті операцияларға сүйенеді. Оқудың эмоционалды реңкі – әдеби когнитивистер «таным» деп атайтын аспект болып саналады.

Эстетика пәні философиямен, психологиямен, әдеби зерттеулермен тарихи байланыста. Эстетика эмпатиясы кез келген объектінің, адам немесе жан-жануар болсын, қиялдан туған кейіпкер болсын, жансыз зат, айталық пейзаж, өнер туындысы немесе геологиялық ерекшеліктер болсын, олардың жобалық қоспасын сипаттайды. Эмпатиямен байланысты қиял немесе проекция әрекеттері танымдық сипатта белгіленгенмен, олар сезім арқылы қабылдануы керек. С. Кин баяндау эмпатиясын аффект немесе таным аймағынан тыс алып қарамайды: үдеріс ретінде екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Мәтіндер оқырмандарды сездіріп қоймай, ойлануға да итермелейді. Романды оқу – адамның просоциалды дамуында маңызды рөл атқаруы үшін сауатты адамдардың ерекше белгісі болып саналады. Оқу мен жаны ашу арасындағы айырмашылық – қысқа болады. Оқырмандардың когнитивті және эмоционалды реакциялары міндетті түрде аяушылыққа алып келмейді. Алайда көркем әдебиет оқырмандардың абайлап тұжырым жасау секілді қасиетінен айырады.

Нарративті эмпатия теориясы

Кейіпкерлерді сәйкестендіру эмпатияны тудырады. Қиялдан туған кейіпкерлерге деген эмпатия сәйкестендіру элементтерінің аз екендігін көрсетеді.

Оқырмандық эмпатия немесе кейіпкерлермен сәйкестендіру – қайсысы бастапқы екені белгісіз: қиялдан туған кейіпкерлердің іс-әрекетіне жаны ашып қарау осы кейіпкерді сәйкестендіруге жол ашады. Кейіпкерлердің барлық сезімдері эмпатияны тудыра бермейді: қиялдан туған кейіпкерлерге деген эмпатиялық реакциялар әдетте, негативті эмоция кезінде туындайды. Оқырмандардың тәжірибелері бір-бірінен ерекшеленеді. Сол сияқты кейіпкерлерге деген эмпатия да көркем туындыны оқу барысында ғана туындай бермейді.

Кейбір зерттеулер оқырмандардың реакциясындағы ерекшеліктерді түсіндіруге көмектеседі. Ең бастысы – оқырмандардың эмпатиялық диспозициялары бір-біріне ұқсай бермейді. Кейбір оқырмандар басқаларға қызығушылық танытса, келесі біреулердің эмпатиясы әлсіз болады. Кейбір зерттеушілер, жаны ашитындар – жақсы оқырмандар, себебі олардың рөлдік қабілеттері әңгімедегі әртүрлі оқиғаларды жеңіл түсінуге септігін тигізеді деп есептейді.

Уақыт пен оқиғалардың мағынасы әртүрлі болып келеді: романдардың оқырмандардың эмпатиясын тудыруы уақыттың өтуімен өзгеріп отырады. Кейбір романдар белгілі бір аудиторияда ғана эмпатия тудыра алады. Оқырмандардың белгілі бір жағдаятқа байланысты эмпатиясы нақты тарихи, экономикалық, мәдени немесе әлеуметтік жағдайлармен байланысты күшейе түседі. Оқырмандардың эмпатиясы романдағы жағдаяттың кез келген сәтінде туындай алады.

Баяндау тәсілінің ерекшелігі – кейіпкерлерді сәйкестендіру. Сипаттаудың кейбір аспектілері, айталық атау, сипаттау, іс-әрекеттерді суреттей, сюжеттің дамуы, сөйлеу деңгейі мен сананы көрсетудің тәсілдері кейіпкерді сәйкестендіруге септігін тигізеді. Кейіпкерлерді сәйкестендіру туралы оқырмандардың арасындағы хабарлама және ондағы баяндау эмпатиясы – әлі күнге түсіндіруге келмейтін жайт.

Эмпатиямен байланысты тағы бір формалды қасиет – баяндау жағдаяттары: автор мен оқырман арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ кейіпкерлердің ішкі немесе сыртқы келешек ойлары, кейіпкерлердің санасы, баяндаушылардың кейіпкерлерге қатысы т.б. Көркем әдебиеттің көптеген элементтері (романдардың ұзақтығы, жанрлық болжамдар, қоршаған



орта, метабаяндау түсіндірмелері, дискурс аспектілері, баяу оқу қарқыны) оқырмандардың эмпатиясына үлес қосты. Көп жағдайда баяндау мен эмпатияның нақты тәсілдері туралы гипотезалар жасауға болады.

Сондай аспектілердің бірін Сюзанна Кин өзінің зерттеулерінде қарастырып өтеді. Бұл туралы келесі дәрісте сөз ететін боламыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Шынайы адамдарға деген эмпатия мен қиялдан туған кейіпкерлерге деген эмпатияның арасындағы айырма неде?
2. Эмпатия мен симпатия арасында қандай байланыс бар? Эмпатия мен альтруизм арасындағы айырма неде?
3. Эмпатияның көркем әдебиеттегі рөлі қандай?
4. Автор оқырмандардың көркем шығармашылық эмпатиясын қалай қолданады?

Әдебиеттер:

1. Suzanne Keene. Narrative Empathy//Towards a Cognitive Theory of Narrative Acts. University of Texas Press, 2010. – P. 61-93.
2. Hatfield Elaine, Cacioppo T. John, Rapson L. Richard. Emotional Contagion. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994.
3. Titchener E. B. Experimental Psychology of the Thought Processes. – London: Macmillan, 1909.
4. Lee Vernon [Violet Paget]. The Beautiful: An Introduction to Psychological Aesthetics. – Cambridge: Cambridge University Press, 1913.
5. Hoffman Martin. Empathy and Moral Development: Implications for Caring and Justice. – Cambridge and New York: Cambridge University Press, 2000.
6. Singer Tania. Empathy for Pain Involves the Affective but Not Sensory Components of Pain. – Science 303 (20 February 2004).